Во время встречи с автором, прошедшей в Казахстанско-Японском центре развития человеческих ресурсов, мы получили много эмоциональных впечатлений, много новой информации: об управленческой концепции TQM, технологических составляющих японского качества, о японской преподавательской культуре и др. На все наши вопросы Тамаи-сан отвечал подробно и с большим уважением к нашему интересу и проблемам. Опыт общения с экспертом международного класса, человеком высокой культуры и духовной силы надолго останется в нашей памяти. После этой встречи нам захотелось

по-настоящему владеть языками международного общения, повысить свой коммуникативный уровень.

Встреча с господином Тамаи – это не только знакомство с интересной личностью, но и попытка понять другую культуру через ее представителя. Сильное впечатление на нас произвела манера общения господина Тамаи. Во всем сквозили уважительность, тактичность, благожелательность, сдержанность, корректность. Господин Тамаи проявил глубокий и искренний интерес к нашим учебным работам в области TQM. Он с готовностью делился своими знаниями и опытом.

Взаимопонимание наладилось с первых минут встречи. Это в значительной степени произошло благодаря усилиям сотрудника Центра Александра Кудрявцева, благодаря его благожелательности, корректности, высокой культуре работы с посетителями Центра. Он был и любезным хозяином, и компетентным переводчиком. Одновременно он умел быть даже незаметным в процессе общения.

Очень важно, что наше занятие проходило не в аудитории университета, а в стенах Казахстанско-Японского центра развития человеческих ресурсов. Выездной вид занятий, на наш взгляд, является довольно эффективным как в плане изучения предметного содержания, так и в плане нашей социализации, развития навыков межкультурного общения и жизненных умений. Никакой расказ, пусть самый что ни на есть образный, никакие слайды, пусть самые качественно подготовленные, не могут дать той полноты и объемности образов, которые дает реальная встреча с автором книги, реальное пребывание в обстановке высококультурного образовательного центра.

28 марта 2006 года в рамках самостоятельной работы (СРМД) по спецкурсу “Организация управления образованием” у нас, магистрантов второго курса специальности “педагогика и психология”, состоялась встреча с экспертом Казахстанско-Японского центра развития человеческих ресурсов Масахико Тамаи – автором книги “В поисках высшего качества в Королевстве Бахрейн”. По этой книге под руководством преподавателя кафедры общей и этнической педагогики Валентины Тихоновны Тихомировой мы изучали ряд вопросов управления качеством, написали учебные рефераты. После кропотливой работы по освоению информации, содержащейся в книге, встреча с автором стала для нас настоящим праздником.

P.S.

Нам, магистрантам, очень понравился данный вид занятия. Мы считаем, что система менеджмента университета должна сделать все для того, чтобы у всех преподавателей был стимул организовывать такие выездные занятия, несмотря на все трудности, которые им придется преодолеть для достижения “reality education”. Мы понимаем, что подготовка к такому занятию потребует установления связей с организациями-партнерами, подготовительной работы с принимающей стороной, дополнительного обучения студентов навыкам общения с представителями другой культуры, выделения времени для рефлексии учебного занятия нестандартной формы и нестандартного содержания. Но то, что получают на таких занятиях будущие специалисты, оправдывает все затраты университета.

П. АБДУЛЛАЕВА, Э. БАЙСУГУРОВА,
И. КОРОЛЕВА, А. ОТАРБАЕВА,
Т. ТАУАНОВА,
магистранты кафедры общей и этнической педагогики

● Сайыс

Колледж жігіттері бақ сынасты

Жақында Қазақ ұлттық университеті колледжінің 1-2 курс студенттерінің арасында “Жігіт сұлтаны” атты сайыс өтті. Жарысқа қатысушы орыс тобында оқитын 11 жігіт бар өнерлерін ортаға салды. Ұлттық киім киініп, ұлттық өнер, ойын, күш сынаса жарыстарына түскен жігіттер қазқтың бағзы замандадағы сал-серілерін көз алдына елестетеді.

Сайыс талаптарына өзін-өзі таныстырып, өнер көрсетумен қатар, қамшы өру, арқан тартысы енді. Арқан тартысы барысында сайысқа қатысушы және жанкүйер болып отырған 1-курс студенттері 2-курсның жігіттерінің жеңісін мойындамай, бірге-бір тартысуды ұсынды. Жарыс қорытындысында “тең” деген баға алды.

Сонымен қатар, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері: күда түсу, қыз ұзату, беташар, бесік той және т.б. сахналаған көріністері шынайы да әсерлі болды. Аятаев Азамат пен Атеев Қайраттың бір-бірімен жарыса төгітіп төккен күйлері жиналған көпшіліктің көңілінен шығып, оларға қайта-қайта кол соғып ортаға шығарып отырды. Биші қыз Оразбаева Ақботаның “Аққу биі”, Физатова Әйгерімнің орындауындағы әсем ән де кештің көркін одан әрі аша түсті.

Жарыс қорытындысында жарысқа қатысушы 1-2 курс студенттері: Улан Төлепбергеновке, Азамат Жарылқаповқа, Ербол Нұрмұхаметке, Дамир Абжапаровқа, Азамат Сыдықовқа, Елдос Ескендіровке, Азамат Аятаевқа, Қайрат Атеевке, Шыңғыс Мырзабекұлына, Жәнібек Қаратаевқа және Жәнібек Дәулетұлына өз өнерлері мен қабілет-қарымдарына сай “Көркем жігіт”, “Көсем жігіт”, “Шешен жігіт”, “Балуан жігіт”, “Батыр жігіт” және т.б. номинациялар бойынша орын берілді.

Г.Д. ҚҰЛЖАМБАЕВА,
колледж оқытушысы



● Білік

раларды өз мойнына алған. Д.А. Қарағойшыеваның отандық кеңесшісі – жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Элеонора Дүй-

шарындағы әр түрлі тілдердің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысады. Сесилия Оденің шамамен 100-ден аса ғылыми еңбектері жарияланған. Ендігі кезек қазақ тіліне түсті.

мыз керек.

Сесилия Оденің айтуы бойынша, тіпті халықаралық конференцияларда басқа тілді зерттеушілерді түсіну үлкен тілдік қарама-қайшылықтар туғызады, орыстылді баяндамашыларды тыңдауға ешбір шетелдік қызығушылық танытпайды екен. Сондықтан бізді ел танысын десек, халықаралық тіл болып табылатын ағылшын тілінде диссертация жазылуы керек. Бұл қазақ тілі туралы ағылшын тілінде жазылған ең бірінші диссертация болмақ. Сөйтіп, Сесилия Оде 12 наурыздан 20 наурызға дейін дәріс оқып кетті. Дәріс тақырыбы: “Эксперименталды фонетикаға кіріспе. PRAAT бағдарламасы”. Аталмыш бағдарламаның негізінде фонетикалық құбылыстарды өңдеу және талдау. Шетелдік кеңесші PRAAT бағдарламасының беретін мүмкіндіктеріне тоқталып өтті, яғни оны пайдалана отырып, әр түрлі фонетикалық, фонологиялық құбылыстарды бақылауға, талдауға болатындығы анықталды. Бұл бағдарламаның ерекшелігі, оны әр ай сайын жаңартып, жаңа мүмкіндіктер жасауға болатындай жана жолдарды ұсынып отыратындығы айқындалды. Сесилия Оденің дәрістеріне аса үлкен қызығушылық танытқан студенттер, магистранттар және аспиранттар қатысты. Олар тек білімдерін толықтырып қана қоймай, сонымен бірге ол таныстырған PRAAT бағдарламасын тәжірибе жүзінде көруге мүмкіндігі болды.

Кетерінде профессор Сесилия Оде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жайында жақсы ой-пікірін білдіріп, университет ректоры Т.А. Қожамқұлов мырзаға және Бірінші проректор З.А. Мансұров мырзаға осындай маңызды ғылыми бағдарламамен қарым-қатынаста болуға мүмкіндік бергені үшін зор алғысын білдірді.

Нүрсұлу ШАЙМЕРДЕНОВА,
жалпы тіл білімі кафедрасы,
ф.ғ.д., профессор

PHD КОНСУЛЬТАНТЫ - Сесилия Оде Қазақстанда

2005 -2006 жылы ең алғаш Қазақстанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша PhD докторантурасының күндізгі бөліміне конкурс жарияланды. Бұл бағдарлама негізінен эксперименталды білім беру бағдарламасы бойынша ашылған PhD докторантурасында алғашқы тәжірибе болғандықтан, басында кемшіліктер көптеп кездесті.

Негізінде, PhD докторантурасына Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, магистрлік білімі бар кез келген сайыскер бағын сынауға құқығы бар. Жоспар бойынша PhD докторантурасына 2005-2006 жылы жалпы Қазақстан бойынша 65 докторант қабылданды. Бұлар PhD докторантурасының ең алғашқы түлектері болмақ. Қатаң конкурстан өткендердің ішінде филология факультетінің жалпы тіл білімі кафедрасының PhD докторанты Д.А. Қарағойшыева да бар болатын. Оның диссертациялық жұмысы қазақ тілінің фонетика саласын кеңінен қарауға бағытталған. Диссертация қазақ тілінде, яғни қазақ тілінің интонациясы, жоспар бойынша қазақ тілінің фонетикасын қазіргі кездегі әр түрлі фонетикалық бағдарламаларды пайдалана отырып, фонетика саласын жан-жақты қарастыру мақсатын алдына қойды. Әр PhD докторантының отандық және шетелдік кеңесшісі бекітілген. Мемлекет бюджеттен қаржы бөліп, осы бағдарлама бойынша жүргізілетін барлық ша-

сенқызы Сүлейменова, ал шетелдік кеңесші – Голландия мемлекетінің азаматшасы, Амстердам университетінің профессоры Сесилия Оде. Келісімшарт бойынша, әр жыл сайын докторант пен кеңесші іссапарға шығу керек. Осыған орай, жуырда PhD кеңесшісі Қазақстанға іссапарға келіп қайтты.

Сесилия Оде – фонетиканың маманы, докторлық диссертациясы “Орыс тілінің интонациясы” деп аталған, “Орыс тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша Амстердам университетінің түлегі. Ғалымның негізгі зерттеу бағыттары – фонетика, орыс, индонезия, папуан, палео-азиат тілдерінің этнолингвистикасы.

Бұл Сесилия Оденің Қазақстандағы екінші іссапары екен. Осыдан бес жыл бұрын, 2001 жылы филология факультетінде “Русский язык в социокультурном пространстве XXI века” атты орыс тілі мен әдебиеті оқушыларының Халықаралық Ассоциациясына бірінші рет келген еді.

Сесилия Оде – Амстердам университетінің профессоры, ол жер

Амстердам университетінің атакты мамандары, фонетиктер Паул Боерзма мен Девид Веенинк құрастырған PRAAT бағдарламасын қолдана отырып, қазақ тілінің интонациясын зерттеу көзделді. Ең бірінші ойландыратын мәселе – диссертация тілі. Негізінен бұл бағдарлама халықаралық бағдарламаға сай жоспар бойынша жүзеге асатындай дәрежеде болуы керек. Сондықтан диссертацияны қандай тілде жазу керек деген сұрақ туындайды. Егер қазақ тілінде ғана жазсақ, бізді шетелдік кеңесші түсінбейді, екіншіден, өз шеңберінен алысқа шыға алмайды. Сөйтіп, бұл жұмыс PhD докторантурасы бағдарламасы бойынша жазылатын ең бірінші жұмыс болғандықтан, диссертация тілін дұрыс таңдау аса маңызды мәселеге айналды. Алдымызға қойылған барлық мақсатты орындасақ, бұл бір керемет жұмыс болады. Сонымен, диссертация ағылшын тілінде жазылатын болды. Әрине, бұл өте қиын жұмыс болады. Бірақ қазақ тілі халықаралық аренаға шықса екен десек, онда осы шартты орындауы-

● Кездесу

Кешті ұйымдастыруға мұрындық болған кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу секторының меңгерушісі Молдыбаева Нәзіпа Сейсенбайқызы: “Күрметті оқырмандар! Өздеріңізге белгілі, 5 жылдан бері “Жаныңда жүр жақсы адам” рубрикасымен дәстүрлі кездесу кешін ұйымдастырып келеміз. Ал биылғы кештің басты ерекшелігі, сіздер қазір қарапайым оқытушымен емес, Білім және ғылым министрлігінің конкурсында “Үздік ұстаз” номинациясын

ты жағдай болып тұрғанын айтты. 1982 жылы география факультетіне оқуға түскен ол оқуын тәмамдаған соң, ғылым жолына түсіп, Мәскеу мемлекеттік университетінде Физикалық география және ландшафттану саласы бойынша стажер-зерттеуші болады. Сонымен қатар, Каспий мен пайдалы қазбаларды тиімді пайдалану мәселесін зерттеген ол, өзі түлеп ұшқан факультетке 1992 жылы оралып, ұстаздық қызметпен айналыса бастайды. Өзінің ғылымға деген құштарлығын заман талабына сай тың ақпараттық жобалар жасау арқылы

диясының иегерлерінің ішінде дәл осы Н.Керімбайдың шәкірттері бар екенін ол зор мақтанышпен айтты. Ұстаз өңгімесін ұйып тыңдаған студенттер сұрақ-жауап бөлімінде өздерінің көкейтесті сауалдарын қойып үлгеруге тырысты. “90 жылдары сізбен қатар Мәскеуде білім алып келген қатарластарыңыздың көбі сол қиын-қыстау кезде бизнес саласына ойысып кетті. Сіздің ғылым жолына адалдық сақтауыңызға не түрткі болды?” деген студент сауалына Нұржан Нұрбергенұлы әуел баста, мамандық тандар алдында оның алдында офицер не географ

генулынан алдыңғы дәуір студенттері мен қазіргі заман студенттерінің айырмашылығын айтып беруді өтінді. “Заман өзгерді. Жүйе өзгерді. Менің буынымның жастары ең үлкен мақсат ретінде адал ембек етуді қоятын. Бір қынжылтатыны, қазіргі жастарымыздың рухани тұрғыдан құлдырауға ұшырағанын және қарақөз қарындастарымыздың қолындағы көк түтін шырмалды көргенде, жаным түршігеді. Дегенмен де, бұл келеңсіз құбылыстардың бәріне жастар кінәлі дегеннен аулақпын. Идеологиялық тәрбие мәселесін дұрыс жолға қоймағаны үшін қоғамымыз

Наурыздың 29-ы күні ҚазҰУ-дың география факультетінде кітапхана мен “Сұңқар” студенттік кәсіподағының ұйымдастыруымен “Жаныңда жүр жақсы адам...” рубрикасының дәстүрлі кеші өтті. Бұл жылғы кездесу география факультетінің “Үздік ұстазы” атанған доцент Керімбай Нұржан Нұрбергенұлымен болды.

“Жаныңда жүр жақсы адам...”

иеленген құрметті мұғаліммен жүздесіп отырсыздар”, – деп кіріспе сөзін айтты да, жиналған жұртшылықты бас қаһарманмен таныстырды. Оның айтуынша, Нұржан Нұрбергенұлы айттары мол, салықалы азамат деп ұсынған география факультетінің деканы, ф.ғ.д., Ғалима Исакова ханым екен. Айта кетер бір жайт, Исакова Катима Әбішқызының өзі де осы кешті тамашалауға арнайы келіп қатысты.

Сөз кезегін алған Н.Керімбай мырза бұрын студенттер алдында тек қана пөнге қатысты дәріс оқыса, енді тікелей өз басына байланысты өңгіме-дүкен құру қызық-

жүзеге асырған ол осы кезге дейін мультимедиялық кітап, БҰҰ-ның тапсырысымен орындалған “Орал өзенінің ландшафттық құрылымы” жобаларын жасауға мұрындық болған.

Нұржан Нұрбергенұлының жетекшілігімен геоақпаратты жүйелерді зерделеу саласында ғылыми жұмыспен айналысқан студенттер мен магистранттар да жемісті еңбектерімен биік жетістіктерге жетіп жүр екен. Мәселен, Ресейдің Томск қаласында өткен ғылыми конференцияға қатысқан магистрантымыз І-орын алды. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың атаулы стипен-



болу таңдауы тұрып, шешім шығарған соң, арман-мақсат мәңгілікке айқындалып қойғанын айтты. Ал “Алға қойған мақсатыңыз не?” деген сауалға Қазақ география ғылымында геоақпаратты қолдану және сол арқылы ғылыми мәселелерді шешу деп жауап берді. Бұлардан өзге жастар тарапынан қойылған мұнай саласындағы география мәселелері, ғылыми жобаларды ақпараттық қолдау, шетелдермен қарым-қатынас орнату, үкіметтік конкурста қатысуға байланысты сұрақтар да өзінің нақты жауабын тауып жатты. Осы кезде факультет деканы Катима Исакова ханым Нұржан Нұрбер-

дені дә кінәсі бар”, – деді ұстаз.

Екі сағаттан аса уақытқа созылған кеш көрермендерінің сауалдары толастамай жатса да, уақыт-төрешіге жүгініп, кездесуді қорытындылауға тура келді. Кештің басты ұйымдастырушысы Нәзіпа Сейсенбайқызы Нұржан Керімбай мырзаға барша көрерменнің атынан зор алғысын білдіріп, естелік сыйлық пен гүл шоғын ұсынды. Осындай әсерлі кешті ұмытпау үшін кеш қаһарманымен бірге жиналған ұстаздар мен студенттер қауымы естелік суретке түсті.

А. НҮРКЕЕВА

● “Сұңқар” кәсіподағы

Наурыздың 29-шы жұлдызында университетте оқитын мүмкіндігі шектеулі студент жастардың “Сұңқар” кәсіподақ ұйымының төрағасы Ф.Серіммен кездесуі болып өтті. Бұл кездесуге тарих, филология, заң, философия және саясаттану, журналистика факультеттерінде білім алатын студенттер жиналды. Кездесудің негізгі мақсаты, біріншіден, мүмкіндігі шектеулі студенттердің талап-тілектерін өз аузынан есту болса, екіншіден, осы тілек-талаптар негізінде “Сұңқар” кәсіподағының жұмысын жандандыру тусу болатын.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер жайы...

Кездесуге негізінен көздері нашар көретін жастар келді. Ұзын саны он бес шақты болатын студенттер ортаға өздерін толғандырып жүрген мәселелерді салды. Біздің көзіміз нашар көретіндіктен, оқу барысында көптеген қиындықтар мен кедергілерге кездесеміз. Сол кедергілерді жою үшін өзіміздің ұсыныстарымызды, тілектерімізді айттық. Біріншіден, кітапты өзіміз оқи алмайтындықтан, кітап оқушы адамның қажеттігін өңгімеледік. Біз көзі көрмейтін және көзі нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханаға барып оқуға мәжбүрміз, ал ондағы арнайы мамандар студенттерге қалаған кітабын оқып беруге даяр. Алайда, бұл кітапханада студенттерге қажетті көптеген кітаптардың жоқтығынан, біз университеттегі оқу залдарындағы кітаптарды алып оқимыз. Бірақ біздің университеттегі оқу залдарында кітапты түнгі абонементке сағат 16:00-ден кейін береді. Біз кітапты аламыз дегенше кеш болып, арнайы кітапханадағы мамандардың жұмыс уақыты аяқталып кетеді. Ал кешке жатаханаға алып барған кітапты оқып берші деп кімнен сұрарымызды тағы білмейміз. Көп жағдайда кітаптар сол бойы оқылмай, ертеріне қайтадан оқу залына тастырылады. Осыған орай біз кітаптарды түнгі абонементке белгіленген уақыттан ертерек берсе екен деген өз тілектерімізді жеткіздік.

Бізді толғандыратын екінші мәселе, түнгі абонементтен күнделікті 4-5 кітаптан алатындықтан, ол қызметтің бағасын біздің қалтамыз көтере бермейді. Бізге кітапты алу үшін ғана күнделікті 80-100 теңгеге шығындануымызға тура келеді. Барлық студенттердің басындағы жағдайы осындай ғой, бірақ та мүмкіндігі шектеулі жастардың алған кітаптарын оқи алмайтын кездері көп болады. Сондықтан түнгі абонементке кітап алу ақысын біздер үшін жеңілдетіп қарастыра деген ұсынысымызды да айттық. Айта кетерлік бір жайт, біздің университетімізде бұндай жеңілдікті тарих факультетінің студенті Сейтжанов Кенже қолданып келеді. Үшіншіден, қазір жедел ақпарат пен жаңа технологияның заманы болғандықтан, біз де заманның көшіне ілесіп отыруымыз қажет. Осыдан уақытының көп бөлігін интернетке жұмсайтын студенттер бар. Жиынға келген жастар интернет ақысыз болса деген тілектерін де жеткізді. Дәрі-дәрмекке жұмсайтын ақшамыз, интернетке суша сінгенде қатты қынжыламыз. Көкеймізде жүрген төртінші мәселе, ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру кешеніне мүмкіндігі шектеулі студенттерді ақысыз, не болмаса 75 пайыздық жеңілдікпен жолдама берсе деген тілегімізді айттық. Өйткені бізге жылына екі рет стационарлық ем қабылдап тұру қажет. Ал сауықтыру кешеніне барып өз денсаулығын дұрыстап келуге ешкім қарсы болмасы анық.

Әрине, жоғарыда айтылған ұсыныс-тілектер эволюциялық жолмен жүзеге асатыны белгілі. Қарашанырақ ҚазҰУ-ымыз мүмкіндігі шектеулі студенттердің жоғарыдағы талап-тілектерін реті келгенше қанағаттандыруға тырысар деп үміттенеміз. Кездесу соңында “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы студенттерге айтылған тілектеріңізді жүзеге асыруға тырысамыз деп уәде берді. Еңдеше, сол өтініш-ниеттеріңізді жүзеге асар кезі алыс емес екендігіне сенгіміз келеді.

Үмітжан БАКЕЛЕКОВА



Филологтар ауылындағы НАУРЫЗ ТӨЙ

Жақында, 17 наурыз күні филология факультетінің басшылығының ұйытқы болуымен, факультет ішінде құрылған “Қаламгер” жас әдебиетшілер клубы мен студенттік кеңес мүшелері бірлесе, “Салтың – санаң, Ғұрпың – ғұмырың, дәстүрің – дәулетің” атты Наурыз мерекесіне арналған үлкен шара өткізді.

Биология факультетінің ақтзальында тойланған бұл кештің мақсаты наурыздың мәні мен маңызын терең ұғындырып, ұлттық құндылықтарымыздың жаңғыруына жол ашу еді. Ниятте сай көрермендер де күллі Алматы оқу ордаларынан молынан жиналыпты. Бұрынғы кештерден өзгешелігі, ақ кимешек киген өжелер ортаға шығып, құрт-көмпиттен шашу шашты. Ізінше, дәстүрге сай қазақша киінген ару қыздар қонақтарға Наурыз мерекесінің басты тағамы – наурыз көжені де ізетпен ұсынып жатты. Бойларында қазақы сезімдері оянып, мәре-сәре күй кешкен көпшілік жүргізушілер Елзат пен Әйгерімнің ортаға қалай шыққанын аңғармай да қалды. Беташар сөз сөйлеп, кешті ашып берген факультет деканы Қансейіт Әбдезұлы жылыған жұртты ұлыстың ұлы күнімен құттықтап тұрып, сөз арасында: “Мына шара – Әуезов ізбасарларының бар екендігінің дәлелі,” - деп, талантты

өз студенттерінің еңбегін атап өтуді ұмытпады. Содан кейін жүргізушілер осы шараға мұрындық болып, ойдағыдай атқарылуына зор үлесін қосқан “Қаламгер” жас әдебиетшілер клубының төрағасы Нұраддин Садықовқа сөз кезегін берді. Нұраддин қонақтарға наурыз жайында халық даналығынан біраз сыр шертіп, ұмыт болуға айналған “Бесқонақ”, “Көрісу” ғұрыптарының сырына терең тоқталды.

Жүзден аса адам бас қосқан берекелі дастархан басында талай күннің әнгімесіне өзек боларлықтай өнегелі сөз өрбіді, термелер шырқалды, күй жарысы өтті. Осылайша, бақ өресін өлеңнен іздеген халықтың ұрпақтары Наурыз мерекесін кемеліне келтіріп, жүректерді жыр-күйге бөлетін тұрып атап өтті.

Мұхит ТӨЛЕГЕНОВ,
филология факультетінің
2-курс студенті



Жатақхананың жарқын күндері

Кең байтақ қазақ елінің жер-жерінен болашақ зиялылары жиналып, республикамыздағы ең таңдаулы білім шаңырағының бірегейі саналатын менің сүйікті оқу орным Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім нәрін сусындағанымға үш жыл болды. Саясаттану ғылымының қыр-сырын меңгеріп, кітапханада көздің майын тауысып жоғары оқу орнының кез-келген студенті секілді парызымызды қолымыздап келгешіе атқарудамыз. Бірақ менің бүгінгі ойымның негізі – жеріміздің түкпір-түкпірінен жиналған алтын ұямыздай санайтын өзіміздің философия және саясаттану факультетінің № 9 жатақханасындағы өмірі тоңірегінде өрбімекиі.

Студенттік өмірдің қызығы мен шыңығы ұштасып, бір бөлмелес балалармен бір үзім нанды жеген жатақхананың өмірі қызу жүріп жатыр. Біздер басқаларға қарағанда уақытты ерекше өткіземіз, оған “Сыйластық”, “Үнсіздік” және “Күлкі” күндері дәлел бола алады. Бірінші күні студенттер бір-бірінің хал-жағдайын сұрап, бөлмелеріне қонаққа шақырады. Бір қабаттың студенттері бір бөлмеге жиналып, жақынырақ танысуға ұмтылып, ойындар өткізеді. Ал “Үнсіздік” күнінің шарттары бойынша, студенттер коридорда тыныштық сақтау қажет еді, тұрғындар бұл шартты ойдағыдай орындады. Бұл күн әсіресе, біздің вахтер апайымызға қатты ұнаған болатын, себебі олардың міндеттері де сол тыныштықты сақтау емес пе еді? Ал, кешке Студенттік кеңестің ұйымдастыруымен “Түсін мені” ойыны өткізілді, бұл ойынға жоғарғы курстардан құралған “Кудряшка және үш ноян” мен бірінші курстан жиналған “Перваш” командалары қатысып, тәжірибесі молдау “Кудряшканың” тобы жеңіске жеткен болатын.

29 наурыз күні біздің жатақханада “Тазалық – денсаулық кепілі” іс-шарасы болып өтті. Он күндік тексерістің қорытындысын шығара отырып, “Ең таза бөлме”, “Ең таза қабат” номинациялары бойынша мақтау қағаздары мен сыйлықтар таратылып, шағын концертпен жалғасты. Сонымен қатар студенттік кеңестің бастауымен жатақхананың әрбір секциясында еліміздің жаңа Әнұранының мәтіні ілінді. Енді № 9 жатақхананың студенттерінің кез-келгені Әнұранды жатқа біледі десек қателеспейміз.

Халықаралық күлкі күні де өте қызықты өтті. Сол күні вахтада Анара

ХИМИКТЕР

“Көктем мейрамын” атап өтті

Наурыз мерекесін тойлау біздің қалптасқан дәстүрімізге айналып кеткелі қашан. Осы төл мерекемізді тойлау мақсатында ҚазҰУ-дың химия факультетінің №13 жатақханасында сәуірдің 16 жұлдызында тағы бір мерекелік шара болды.

Наурыз мерекеміз қазақ халқының тыныс тіршілігімен біте қайнасып жатқанын, сахара халқымыздың мол мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі әрбір қазақтың жүрегімен бірге соғатынын мына ХХІ ғасыр тағы бір мойындатқандай. 22 наурыз келіп, әппақ қардың арқауы босап, жаңа тіршілік иесінің арманы жылыт-жылыт еткен, сан-сағым шуақты нұрмен шағылысып, наурыз мерекесі өз мәресіне, сын сағатына жеткеннен кейін, химия факультетінің жгігері асқақтаған қыз-жігіттерінің бойындағы ұлттық қаны осы тамашаны – салтанатты Наурыз мерекесін өткізуге ұйытқы болды.

“Тойдың болғанынан, болады-сы қызық” демекші, арайлап атқан ақ таңмен бірге жарысып, наурыздың мол дастарқанын жасап, әлек болған белсенді қыздарымызбен, “Шеше көрген тон пішер” дегендей, наурыздың мәні ақ көжесінде деп, жеті түрлі дәмнің қасиетін өлшей білген Зейнежан апайымыз бұрынғылар көженің құрамын 9 түрден, тіпті 21 түрге дейін дәм қосып жасайтынын айтты.

Ал қолөнерші шеберлеріміз сахнамызды ою-өрнекпен өшекейлесе, бүгінгі қуаныштың салтанатын асыратын өнерпаздарымыз да өздері бір әлек. Осындай той-думанға химия факультетінің дінгегі, декан ағамыз Жарылхасын Әбдіуахитұлы, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Раушан апай, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нүргүл Адайбайқызы, жатақхана коменданты Айнұр Оқапқы-

зы сынды ұстаздарымыз келе салысымен, мереке басталып кетті. Факультет деканы беташар сөзін сөйлеп, мерекелік шараның басталғанын жариялады.

Концертіміз өзінің ұлттық арнасында өтті. Күмбірлетіп күймен бастап, күлкімен көміп, өнмен аяқтаттық. Кеш соңында бұл шараны ұйымдастыруға ат салысқан химия факультетінің барлық белседі студенттеріне алғыс айтылды.

Бұл Наурыз тойдың тағы бір ерекшелігі, ұлттық спортымыз – қазақша күрес, жігіттің қарымдылығын көрсететін қол аударсу, арқан тартысу және жаңа спорт түрлерін өткізуді де ұмытпадық. Ал кеш соңы қыз-жігіттеріміздің би кешімен ұласты.

Болат АҚСАТИ,
химия факультетінің
1-курс студенті

Наурыз келіп, жер дүние жсанданды. Ұлы Наурыз мерекесі еліміздің түкпір-түкпірінде толассыз тойланды. Сәуірдің 3-і күні журналистика факультетінің №5 жатақханасында да төл мерекемізді тойлауға ниет еткен “Ар ма, өз Наурыз!” атты кеш өтті.

Ұлтын ұлықтап, салтын санасына сіңіріп өсіп келе жатқан студенттер қауымы мерекені “Ұйқыашар” мен “Селтеткізер” жсоралғыларына негізден ұйымдастырды. Кешке қатысқан студенттер ұлттық киім киіп, жүргізушілер Жанар мен Дәурен әдемі мәнерімен, ұтымды сөздерімен көпшілікті үйіріп әкете білді.

“АР МА, ӨЗ НАУРЫЗ!”

Дана халқымыз “Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер” деген. Осы игі дәстүрмен факультет деканы Бауыржан Жақып шәкірттеріне өз ақ бағасын берді. Қонақтар мен студенттер бал татыған наурыз көжеден дәм тағты. Кеш бойы қалықтаған ұлттық өуен, төгілген күй, айтыс өнері және жарасымды өзіл көңілді жадыратып, кештен қазақы леп сезілді.

Ұлыстың ұлы күні, Наурыз келгенде Самарқанның көк тасы ериді екен. Олай болса, **Жарқыра, жайна, наурызым, Қабағы жсаудың түйісің. Береке, байлық, дәм-тузың Халқыма мәңгі бұйырсын!** - демекпіз. Жаңа жылда еліміз жаңа биіктерге қадам басқай!

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА,
журналистика
факультетінің студенті



апайымыз 67 студентті алдады, сеніп қалған кейбір студенттер деканатқа кетсе, басқалары аға менгерушіміз Мария Исламқызын іздеумен жүрген болатын. Ал қалғандары “Қазақтелеком” сөйлесу пункттеріне үйдегілерімен хабарласуға жол тартып кетті. Енді Анара апайымызды алдау «номинациясы» бойынша “Гиннес” рекордтар кітабына енгізуге талпынып жүрміз. Ал, кешке курстар арасында Көңіл тапқыштар клубының (КВН) жарысын өткізіп, екі езуіміз екі қулақтан кетпей тамашалап, көтеріңкі көңіл күймен тарқаған болатынбыз. № 8 жатақхананың құрама командасы қонақ ретінде қатысып, көрермендерді таң-тамаша еткен болатын. Ойынның қорытындысы бойынша, екінші орынды магистранттар командасы иемденсе, ал 3-курсның “Нан мен майонез” командасы таңдай қақтырып, жеңіс тұғырына көтерілді.

Әр жексенбі сайын спорт секторының ұйымдастыруымен үл балалардың арасында футбол, баскетбол жарыстары өткізіледі. Қыздар өздеріне арнап, жатақхананың ішінде фитнес залды да ашып алды. Жалпы, біздің жатақханамыз мәдени, тәрбиелік, спорт және тағы басқа да жағынан болсын ешкімнен қалыспайды.

Студенттік өмір – балдай тәтті, ешқашан ұмытылмайтын кезең. Бізде жоспарлар өлі көп, алар асулар алда! Біздің жатақхананы өзгелерге үлгі боларлықтай жатақхана ету жолында ешбіріміз аянып қалмаспыз деп ойлаймын.

Б. ХАБЕРҰЛЫ,
№ 9 жатақхананың мәдениет секторы



● Рецензия

Қазақстанды дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне таныту мақсатында құрылған Академиялық ұжым орталығы – журналистиканың пәрменділігін дамытып, ақпарат алу жолдарының аудиториясын ұлғайтуды көздеген әлеуметтік институт. Бұл қоғамдық институттың негізгі мақсаты отандық журналистика тәжірибесін әлем деңгейіне дейін көтеру болып табылады.

«Жұлдыздар сәулесі» ЖУРНАЛИСТЕР ҮШІН...



Еліміздегі Қазақстан Журналистикасы Академиясының жыл сайын бірнеше номинациялар бойынша журналистер үшін тағайындаған “Алтын жұлдыз”, “Алтын самұрық” жүлделі сыйлықтарын тапсыру рәсімі 1995 жылдан тұрақты түрде дәстүрге айналып келеді. Бұл мәдени шара еліміздегі ең үздік БАҚ қызметкерлерінің шығармашылық жетістіктерін жоғары дәрежеде бағалап, олардың қоғам алдындағы мерейін арттыруға ерекше үлес қосады.

Жақында, Алматы қаласындағы Ғалымдар үйінің “Қысқы бақ” акті залында өткізілген Қазақстан Журналистикасы Академиясының бүгінгі күнге дейінгі қол жеткізген шығармашылық табыстарының көрінісін айрықша бейнелейтін “Жұлдыздар сәулесі” атты көлемі 30,5 баспа табақ көркем-публицистикалық анықтамалық басылымының тұсаукесері жұртшылықты ерекше қуантты. Басылым жобасының авторы және ұйымдастырушысы университет ұстазы, Қазақстан Журналистикасы Академиясының президенті, т.ғ.д., профессор – Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев.

Жалпы кітапқа Қазақстан Журналистикасы Академиясының нақты академик мүшелері туралы мәліметтер, мемлекетіміздегі барлық бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет ететін осы саланың элиталық құрамы және олардың кәсіби маман ретіндегі естеліктері толық енгізілген. Кіріспеде Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2004 жылы өткен әлемдік медиа-қауымдастықта қазіргі БАҚ туралы журналистер қауымына ұсынған баяндамасынан үзінді келтірілген.

“Тәуелсіздік жылдары Қазақстан БАҚ-тарының саны едәуір өскен кезең болды. Осыдан сегіз жыл бұрын елімізде 1285 бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген болатын. 1991 жылдарды еске түсірейікші. Қазақстанда 600-ге жуық мемлекеттік газет-журнал ғана шығып тұрған. Ал бүгінгі жағдайдағы баспасөз нарығында (2005 жылдың 1-маусымына дейін есептегенде) 2110 БАҚ-тың түрлері қызмет істейді”, - дейді аталмыш қоғамдық ұжымның президенті С.Қ.Қозыбаев “БАҚ және демократия” атты мақаласында.

Ғалия МАЙКОТОВА,
журналистика факультетінің
аға оқытушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты

● Кездесу

Сәуірдің 12-і күні биология факультетінің акт залында Халықаралық қатынастар факультеті мен Жол полициясы басқармасының ұйымдастыруымен “Жол апаты және оны шешу жолдары” деген тақырыпта кездесу өтті. Факультет тарапынан осы іс-шараға жасаушы деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ахметалиева Гүлшат болатын. Кездесуге Жол полициясы басқармасы бастығының орынбасары полковник Құсайынов Ермек Бердібекұлы, тіркеу-сынақ жұмыстары бөлімінің бастығы полковник Н.С. Қалмұраев, әкімшілік тәжірибесі бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Т.Ж. Тұтқышбаев, Бостандық ауданының жол полициясы бөлімінің бастығы майор Ж.Ж. Шайхиев және тағы да басқалары келді. Соңдай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарынан “Рахат”, “Астана” телеарналары қатысты.

ЖОЛДА ЖҮРУ ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ



Іс-шараны алғы сөзбен полиция полковнигі Ермек Бердібекұлы Құсайынов ашты. Ол кісі өз баяндамасында кейінгі кезде Алматыда жол апатынан адам өлімінің былтырғы жылға қарағанда едәуір өскендігі туралы деректер келтіріп, соның ішінде опат болғандардың 40 пайызы жастар екенін атап өтті.

Студенттердің сауалдары қала ішіндегі көліктерден болатын тығырықтан қалай шығу керек, жақын арада қандай көлік түрлері қысқартылмақшы, міне, осы жайында кең әңгіме өрбіді.

Кездесу соңында студенттер жол сақшыларына ризашылықтарын білдіріп, істеріне сәттілік тіледі. “Сақтықта қорлық жоқ” деп атамыз қазақ бекер айтпаған, біз де сіздерге сақ болуды ұмытпайық демекпіз.

С.БОЛАТҚЫЗЫ,
қазіргі шығыс тілдері
кафедрасының аға оқытушысы

КАЗҰУ-дың қызғалдақтары



Әсел ЖАНГЕЛДИНА,

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3-курс студенті

*Жалғанып ұміт үзілген,
Қуанып қалдым қайтадан.
Махаббат үшін түзілген,
Жүрегім күіп айтады ән...*

*Жүрегім күіп айтады ән,
Жанына жиып арайды.*

*Болаарсын,
Сәлем,
Байқаған,
Қарақөз неге қарайды?!*

Құл Керім ЕЛЕМЕС

● Конференция

Балалар әдебиетінің майталманы



Сәуір айының 22-сі күні ҚазҰУ-дың мәжіліс залында белгілі балалар ақыны, жазушы, ғылым Әдібай Табылдының 80 жылдық мерейтойына арналған конференция өтті.

Университетіміздің ұлағатты ұстазы ұлттық тәлім-тәрбиенің, қазақ этнопедагогикасының ғылыми негіздерін жүйелеп, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін дамытып қазақ ғылымына зор үлес қосты. Ғалым-педагог Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық сыйлықтың иегері (2001), ҚазССР-ның және ССРО-ның оқу ісінің озаты болды. сондай-ақ, бірнеше медаль мен, құрмет грамоталармен марапатталған.

Шараға ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылары мен студенттері қатысты.

Қадірлі ӘДІБАЙ АҒА!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ширек ғасырдан астам ғұмырыңызды өткізіп келе жатқан жалғыз және этникалық педагогика кафедрасындағы әріптестеріңіз Сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен құттықтайды.

Өзінше қызметтес әріптестеріңіз қазақ этнопедагогикасының ғылыми танымдық тұрғыдан зерттеп, халқымыздың тәлім-тәрбиесіндегі даналық өнегелерін бүгінгі жұртшылыққа танытуға ерен еңбек етіп, жасалған дара тұлғаның бірі және бірегейі сіз деп таниды. Осы орайда, сіздің қаламыңыздан туындаған “Халық тағылымы”, “Ұлттық тәрбие иірімдері”, “Қазақ этнопедагогикасы”, “Қазақ этнопедагогикасының методологиясы мен мәдениеттану мәселелері” т.б. кітаптарыңыз рухани байлығыңызды еселей түсуге қосылған үлес екені баршаға аян.

Замандастарыңыздың пікірі: Өденкелің жаны - жайсаң, қаламы - жүйрік, жүрегі нұрлы, шәкірттеріне - мейрімді, ақындығы орамды, домбыраға - шебер, бишілікке - бірегей жан деп бағалайды. Магистрлер мен аспиранттарға жетекшілік көрсетіп, уақытқа үйлесімді дәріс оқып, педагогикалық зерттеу жолындағы ғылыми-шығармашылық ісіңіз толассыз өркендеп, ақындық шабытыңыз мұқалмай, шарықтай беруіне тілектестік білдіреміз. Ғұмырыңыз ұзақ, еңбегіңіз табысты болсын!

Жалпы және этникалық педагогика кафедрасының ұжымы

● Турнир

БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТ ТАҒЫ ДА АЛДА!

Жуырда, 17 сәуір күні Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде Студенттердің қалалық пікір-сайыс турнирі өтті. Бұл жолғы турнир Қазақстанның мұнай саласы мен Каспий мәселелеріне арналды.

Жыл сайын дәстүрге айналған бұл додаға өдеттегідей, 10-нан астам ЖОО-ның пікірсайысшы майталмандары қатысты. ҚазҰУ-дың атынан біліміне білігі сай жалынды жастар қатысып, 3 лигада да (қазақ, орыс, ағылшын) ең үздік өнер көрсетіп, нәтижесінде 1-орынды жеңіп алды.

Үш лиганың да жеңімпазы бір университет болатын жағдай пікірсайыс әлемінде өте сирек кездеседі. Дегенмен, бап пен бақтың қоса шабуының арқасында, біздің студенттер осындай жеңіс тұғырына көтеріліп отыр. Ендеше, жеңімпаздарды құттықтап, 3 лиганың үйле-стірушілері: Кәмшат, Арсен, Майяға ізбасарларының нәтижесі құтты болсын деп, ал Мейрамгүл, Ерік, Зарина, Алмат, Марина, Джулияға осы беттеріңнен таймаңдар демекпіз!

М.СЕРІК

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. КОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімінің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садықова;
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;
Көркемдеуші-беттеуші - Нұрлан Сүйінбайұлы;
Фототіліші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редактор - Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында терізіп, беттеледі. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) 28.04.2006 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 155 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.